КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 30 мамыр №2301-23-00-2/639 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «AsMira» Мейрамгуль Джайлаубаевна Искалова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 9 744 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі С.Мақсотова
Жауапкер М.Искалова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 2 наурызда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-122 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға 400 литр «Моторлы май» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 348 216 теңге, орындау мерзімі – Шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер толықтай орындалмай, тауар жеткізілмеген, міндеттемелер толық орындалмаған.

Шарт 2023 жылғы 23 мамырда бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары толықтай орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 9 744 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Талап қою арызға жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысына жауапкер өкілі қатысты, талапты мойындап, жосықысыз қатысушы деп танымауды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талабы бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазіргі таңда, жауапкер шарттың міндеттемелерін толық көлемінде орындамағаны анықталған, тауар жеткізілмеген.

Заңның 12-бабының 4-тармағының бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзінс өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Аталған заң нормаларының талабына сай, талап қоюшы сотқа заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, яғни 2023 жылғы 16 сәуірге дейін сотқа жүгінуге тиіс болған.

Талап сотқа 2023 жылғы 14 сәуірде берілген.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабының бөлігі сотпен негізді деп танылады.

№2 талабы бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп

2101-23-3-4/958

алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 9 744 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерден 9 744 теңге тұрақсыздық айыбы сомасын өндіру туралы талаптың бөлігі қанағаттандыруға жатады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап коюшының пайдасына 292 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «AsMira» Мейрамгуль Джайлаубаевна Искалованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 9 744 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «AsMira» Мейрамгуль Джайлаубаевна Искалова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «AsMira» Мейрамгуль Джайлаубаевна Искаловадан Атырау облысы Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің пайдасына 9 744 (тоғыз мың жеті жүз қырық төрт) теңге тұрақсыздық айыбы, 292 (екі жүз тоқсан екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «AsMira» Мейрамгуль Джайлаубаевна Искаловадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-

баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірме дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама

Шешім заңды күшіне 2023 жылы «11» шілдесі енді.

Судья О.Ш.Даурешова

« » парақты нөмірленді
Судья О.Ш.Даурешова

2301-23-3-1/958